

**ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ ДІНИ  
БАСҚАРМАСЫ**



***АС БЕРУ МӘДЕНИЕТІ***

**Нұр-Сұлтан, 2020**



## **Құдайы астың анықтамасы**

Дүние салған кісіге сауабы тисін деген мақсатта берілетін асты «Құдайы ас» деп атайды. «Құдайы ас» атауынан көрініп тұрғандай (Алла Тағаланың разылығын алу үшін) қайтыс болған адамға арналған ас. Мұндай ас қайтыс болған кісі Алланың рақымы мен кешіріміне бөлену үшін өткізіледі. Мұнымен қоса қазақ халқының дәстүрінде Құдайы астың өңірлерге қатысты келесідей атаулары да бар, атап айтқанда: садақа, жабдық, береке жинау, хатым өткізу және т.б.

### **Мақсаты**

Қазақстанның барлық аймағында шариғат шеңберінде, салт-дәстүрімізді ескере отырып, отбасылардың әлеуметтік жағдайына салмақ салмайтын және ысырапқа жол бермейтін құдайы ас беру мәдениетін қалыптастыру және насихаттау.

Құдайы ас беру ата-бабамыздан келе жатқан халықтық дәстүр мен ұлттық мәдениетіміз болғандықтан, оның бүгінгі заман талабына сай кейбір тұстарын бір ізге келтіріп, келешек ұрпаққа аманат ету.

## Өзектілігі

Әр халықтың өмір салтына қатысты қалыптасқан өз әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрі бар. Қазақ халқының сан ғасырлардан бері ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ұлттық дәстүрлері, соның ішінде діни-танымдық ғұрыптары кеңінен қалыптасқан. «Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар» демекші болашақ ұрпақ үшін дұрыс бағдар беріп, жөн сілтеу мақсатында дәстүрлі діни жөн-жоралғыларымызды шарифи һәм ғылыми тұрғыдан саралап жүзеге асыру – заман талабы. Қоғамда көрініс тауып отырған, шарифат пен дәстүрге сәйкес келмейтін шындығынан жорамалы басым, пайдасынан зияны көп кейбір әдеттердің ел арасында етек жая бастауы кім-кімді де алаңдатпай қоймайды.

Әсіресе, қайтыс болған кісіні арулап көміп, жаназасын шығарғанда, жетісі, қырық күндігі, жыл толуына байланысты және тағы басқа шараларда дастархан жайылғанда дінімізде нақты талап етілмеген, салт-дәстүрімізге сай келмейтін, ақырет үшін пайдасыз кейбір әдеттер қоғамда белең ала бастады. Мысалы, жақынынан айырылып отырған қаралы шаңырақ «көпшілікке ас беру – перзенттік міндетіміз» деп дастархан жайып, шектен тыс шығын жасап, аста төк, ағын-төгін дастархан жаюда. Бұл, орташа табысы бар көптеген отбасыларға ауыртпашылық тудыратыны сөзсіз. Сондықтан бүгінгі күні еске алу іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу мәселесі шарифат заңдары мен салт-

дәстүр бойынша реттеуді талап етеді.

Ауқатты отбасылар асқа ірі қара сойып, құрбан шалып жатқанда, жағдайы төмен және орташа отбасылардың одан қалысқысы келмейтіні түсінікті. Осыдан келе жұрттан қарыз алып, қауғаланып «парызымды орындаймын» деп дүниеден өткен жандарға ас беріп, шығындалып жүргендер де жоқ емес. Ал шын мәнінде шарифатта: «Жеңілдетіңдер, ауырлатпаңдар, сүйіншілеңдер, қорқытпаңдар!» деген.

Бүгінгі күні осы сынды әдет-ғұрыптар мен рәсімдер реттелмесе, жыл өткен сайын бұл қиындықтар күшейе түсуі мүмкін.

Сол себепті Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы осы рәсімдерді реттеп, бір жүйеге келтіретін арнайы құжат қабылдауды басты назарға алып отыр.

## **Тарихи түсінік**

Қазақ халқында қайтыс болған адамды дәстүр бойынша арулап жуудан бастап, ақ матаға кебіндеу, жаназа намазын оқу, шығарып салу, жерлеу, қоштасу, асын беру, қазаның қайғысын бөлісу секілді діни және ұлттық жоралғылар бар.

Осыған қарай құдайы ас беру жоралғысын өткізудің жылдар бойы қалыптасқан өзіндік ерекшеліктері мен дәстүрлері бар. Халық түсінігінде берілетін астың, оқылған Құранның, жасалған дұғатілектің қайтыс болған кісіге тигізетін пайдасы

мен сауабы жайында терең сенім қалыптасқан. Ал марқұмдарға ас бермеу «ата-бабасын сыйламау, әруақтарды құрметтемеу» деп саналған. Сондықтан, құдайы ас берудегі осы жоралғыларды реттеу – өзекті мәселе.

Себебі, уақыт өте келе халық арасында «ата-бабама ас бермесем елден ұят болады, перзенттік абыройымнан айырыламын» деген түсінік қалыптасты. Осылайша құдайы ас бергенде өлілер қамы емес, тірілер ризашылығы (мейрамханада ас өткізу, қымбат дастархан мәзіріне мән беру, т.б.) ерекше назарға алынатын болды. Ендігі кезекте, осы сынды бұрыс сенімдерден саналы түрде арылатын уақыт келді. Негізінде тірілерге де, қайтқан кісілерге де пайдасы тиетін дүниелерге бірдей мән берген дұрыс.

### **Құдайы ас берудің мәні**

Құдайы астың негізгі мәні – көпшіліктің басын қосып марқұмға Құран бағыштап, дұға жасау, Алла Тағаланың мейірімін, Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) шапағатын тілеу, пендешілікпен өткен қателіктері мен күнәлары үшін Жаратқаннан жарылқау сұрау.

## **Халық дәстүріндегі құдайы астар**

Қазақ халқының дәстүрінде марқұмдарға арнап берілетін құдайы астардың бірнеше түрі бар. Мысалы, «үшкүндігін беру», «жетісін беру», «қырқын беру», «жүзін беру», «жылын беру» және т.б. Яғни көңіл айтып келген кісіге дастархан жайып ас беру қазақ халқының қанына сіңіп, дәстүріне айналған. Сондықтан дүниеден озғандарға арналған құдайы астардан бөлек көпшілікке берілетін астар да бар. Ата-анасының, басқа туыстарының дүниеден озғанына бес жылдық, он жылдық, тіпті марқұмның 100 жасқа толуын еске алатын құдайы астың түрлері бар. Әсіресе, қазақ халқының тарихында хандар мен батырларға сондай-ақ, ақын бабалар мен би-шешендерге сауын айтып, арнайы құдайы ас беру дәстүрі кеңінен қалыптасқан.

Шариғат бойынша марқұмның артынан ізгі тілек тілеп, дұға жасаудың сауабы мол. Сол себепті, осындай кәделі күндері марқұмның артында қалған ұрпақтары сауабы тисін деген ниетпен көпшілікке ас беріп, тамақ таратып, Құран оқытып, дұға жасайды.

## **Құдайы ас берудің діндегі орны**

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы тарапынан әзірленіп, жарық көрген «Жаназа және жерлеу рәсімдері» кітабында: «Қайтыс болған кісінің атынан ас беру – ислам шариғатында міндетті

түрде атқарылуы тиіс парыз амалдарына жатпайды. Яғни, жасалмаған жағдайда ешбір адам күнәһар болмайды. Бірақ жалпы алғанда жұртқа тамақ таратудың сауапты іс екенін Құран аяттарынан және хадистерден байқаймыз. Дінімізде «міндетті түрде қарызданып немесе өзіңе қажетті қаржыңды жұмсап, қайтыс болған кісі атынан ірі қара мал сойып, садақа бер» деген үкім жоқ. Садақалар, құдайы астар берілген жағдайда ысырапқа жол берілместен атқарылуы тиіс», – делінген [«Жаназа және жерлеу рәсімдері» – Астана, 2017. – 148 бет].

Ел ішіндегі әдет-ғұрыптар, дәстүрлер бірте-бірте адамдар арасындағы қарым-қатынастан түзіліп шығады. Қоғамда қалыптастқан дәстүрлер мен әдеттер шарифатқа келмесе, орындаудың еш оғаштығы жоқ. Алайда, діннің негізгі ережелерін бұрмалауға болмайды. Сол себепті, мұсылмандардың қоғамдық істері туралы ақылдасу, ой елегінен өткізу шарасы жүргізілгенде, осы қағида естен шықпауы тиіс.

Құдайы астарды беру кезінде ислам дінінің осындай өзгермейтін мәңгілік құндылықтарына нұқсан келтіріп алмау жағын назарда ұстау қажет. Бұл құжатта шарифатта көрсетілген «парыз, уәжіп, халал-харам» сынды діннің басқа да қатаң талап-қағидалары ешқандай өзгеріске ұшыраған жоқ.



## Әдет-ғұрыптардың жаңаша сипат алуы

Ислам құқығында «Үкімдер уақыт пен мерзімнің өзгеруіне қарай өзгеріске ұшырайды» деген құқықтық динамизмін сақтайтын маңызды қағида бар. Ол Құран Кәрім мен Пайғамбар сүннетінің түпкі мәнінен сүзіліп алынған іргелі дәстүр. Сондықтан жаңа заман талабына сай кейбір әдеттер мен дағдылардың өзгеруі – заңды құбылыс.

Қазіргі кезде бүкіл әлемде қоғамның ақпараттық бет-бейнесі өзгеріп, ауысып кеткен. Ақпараттық технологияның санаулы жылдардың ішінде қарыштап дамып, тіршіліктің күрт өзгеріп кетуі бұрынғы өмір сүру дәстүрлері мен модельдерін дәл сол қалпында ұстануға мүмкіндік бермейді. Тек тарихи қалыптасқан жолды ғана ұстанумен шектеліп, жаңа талаптарға бейімделмеген халықтардың қоғамға ілесе алмай, көптеген қателіктерге бой алдырып жатқаны белгілі. Дәл сол секілді құдайы ас беру мәдениетін де заман мен қоғам талабына сәйкестендірудің қажеттілігі туындап отыр. «Құдайы ас» берудің түпкі өзегін, мәнін сақтай отырып, жаңаша сипатқа көшудің маңызы осында. Құдайы астың нақты уақытын белгілеп, бүкіл халықтың сол уақытқа тоқтауын, белгілі бір дастархан мәзірін жасап, сол мәзірге бірауыздан келісуін, қысқасы, құдайы ас беру мәдениетін қалыптастыратын бірізді ереже жасап, сол ережені бекітуді бүгінгі қоғамдағы ынтымақ-бірлікті сақтау және заман талаптарымен санасу деп білеміз.

# ҚҰДАЙЫ АС БЕРУ МӘДЕНИЕТІНІҢ НЕГІЗГІ ЖЕТІ ТІРЕГІ

## 1. Шынайы ниет ету

- Асыл дінімізде кез келген іске кіріспес бұрын әуелі шынайы ниет пен ықыласқа ерекше мән беріледі;

- Мұсылманның ниеті ісінен қайырлы;

- Шариғатта жасалған жақсылықтардың сауабы жүректегі ниетпен өлшенеді;

- Атқарылатын әрбір іске әрдайым шынайы ықылас қажет. Сауапты істе көзбояушылық жасауға болмайды;

- Марқұмның атынан ас берілгенде, негізгі ниет – бір Құдайдың разылығын ғана табу болуы тиіс. Одан өзге ниет – астың сауабын кемітеді. Ас беруші шаңырақ осы ниеттен арылмауы қажет;

- Құдайы астағы оқылған Құранның, жасалған дұғаның, берілген садақаның мақсаты – тірілердің не ойлайтыны емес, марқұмның мәңгілік өміріне пайдасын тигізетін ізгі амал жасап сауабын бағыштау.

## 2. Құдайы асқа жиналу

- Марқұмдарға арналған құдайы ас артында қалған ұрпақтарының, жұбайының, ұл-қыздарының және ет-бауыр жақындарының атынан беріледі.

- Берілетін асқа, онда оқылатын Құранға, жасалатын дұғаға қайтыс болған кісінің ұрпақтары мен туысқандарының қатысқаны абзал.

- Сондай-ақ Құдайы асқа жасы үлкен кісілер, жақын туыстары, көршілері мен достары шақырылады.

- Қайтқан кісінің артынан үздіксіз жетіп тұратын ізгі үшістің бірі – артында қалған ұрпағының жасаған дұғасы. Сол себепті, құдайы астарда марқұмның өз ұрпақтарының дұға жасағаны абзал.

- Басына қайғылы іс түскен жағдайда ағайын, туған-туыстар тез арада жиналып, ынтымақтасып, отбасының жанынан табылып, бірі-біріне қол ұшын бергені дұрыс.

- Қайғы-қасіретке ұшыраған отбасының материалдық жағдайы көтермейтін болса, туматуыстары көмек көрсеткені жөн.

- Ислам дінінде жеке жасалған іске қарағанда, көпшілікпен бірге атқарылған игі істердің сауабы көбірек болады.

- Құдайы асқа келгенде киім кию әдебіне де (әйел адамдар мүмкіндігінше шарифатқа сай киінуге) мән берген жөн.

- Елде төтенше жағдай орнаған жағдайда құдайы ас беруді кейінге қалдырған абзал немесе өз отбасымен ғана өткізген дұрыс. Ал індетке шалдыққан адамның мұндай жиындарға қатыспауы тиіс.

### **3. Құран оқу, бата беру және дұға жасау**

- Әрбір құдайы астың түпкі мақсаты – дүние салған адамдардың рухына Құран аяттарын бағыштау.

- Асқа Құран оқыту үшін жергілікті мешіттің имамын шақырған жөн. Егер марқұмның ет бауыр жақындарының арасында Құранды сауатты оқитындар болса, оларға оқыту артықтық етпейді.

- Құран аяттарының бәрі де бірдей қасиетті екендігі айқын. Сондықтан қай сүрені яки қай аятты оқыса да болады.

- Құдайы асқа жиналған жұрттың уақытын үнемдеу мақсатында тым ұзақ емес, орташа (5-7 минут) көлемдегі сүре-аяттарды оқу құптарлық іс.

- Оқылған аяттың дұғасын жасағанда марқұмдардың өз атымен қоса оның әкесінің есімін қосып айтқан жөн.

- Дұға жасағанда оқыған Құранның сауабын пайғамбарлардың, қазақ даласынан өткен әулиелердің, батыр бабалар мен сол асқа қатысып отырған көпшіліктің де ата-баба, марқұмдарының рухтарына бағыштауға болады.

- Құран оқылып, дұға жасағанда жиналған көпшілік ниеттес болып отырғаны дұрыс.

- Құдайы аста Құран оқудан бұрын әулеттің үлкеніне немесе сол жерге келген қонақтардың ішінен жасы үлкен сыйлы ақсақалға бата жасату – қазақы мәдениетіміздің көрінісі.

#### **4. Ысырапқа жол бермеу**

- Уақыт – адам баласына берілген ең ұлық нығметтің бірі. Сондықтан құдайы астарды мезгілсіз уақытта бастап, ұзақ уақытқа созу, келген жұрттың уақытын алып, пайдасыз әңгімелер айту – орынсыз. Уақытпен санасу мәдениеттіліктің нышаны.

- Шақырған жерге кешікпей, уақытында бару – қазіргі қоғамның талабы. Кешігу үй иесінің мазасыздығын тудырады. Кешіккен адамдардың салдарынан өзгелер уақытын жоғалтады.

- Асқа шақыру игілік болса, сол асқа дәл уақытынан кешікпей бару да игілік. Кешігетін жағдайда үй иесіне алдын-ала ескерту қажет. Бұл басқаларға деген құрметтің белгісі болып саналады.

- Құдайы астың тағы бір талабы – асты уақытында бастап, барынша уақытылы аяқтау. Ол үшін өтетін астың бағдарламасын жасау заман талабы. Мысалы, асты сағат 12:00 де бастау, Құран оқу, әулет үлкендерінің келген кісілерге астың мәнісін түсіндіруі, үлкен кісілердің және құда-жекжаттың марқұмның әулетіне көңіл айтуы, жұбату сөздері, имамның насихат айтуы, дастархан иелерінің келген кісілерге алғыс айтуы, асқа бата жасап, дұға оқып тарқауы. Жалпы айтқанда, асты мүмкіндігінше қысқа уақытта тәмәмдау. Өйткені асқа жиналған көпшіліктің жұмысын, жауапты қызметтерін, өзге де маңызды шаруаларын ескерген абзал.

- Құдайы ас өткізу жұма намазының уақытымен тұспа-тұс келмеуі тиіс.

- Ас та төк ысырап жасау кез келген отбасыға материалдық тұрғыда шығын әкеледі. Қасиетті Құранда: «... ішіңдер, жеңдер, алайда ысырапқа жол бермеңдер. Өйткені Алла Тағала ысырап етушілерді сүймейді» делінген («Ағраф» сүресі, 31-аят).

- Шарифаттағы көптеген міндеттер орта деңгейлі отбасының жағдайына қарай белгіленген. Мысалы, рамазан айындағы пітір садақасы – жан садақасы бола тұра, барлық мұсылмандарға емес, тек дәулеттілерге ғана міндеттеледі. Сол үшін шығынның көптігімен емес, ниеттің тазалығымен таразыланады.

- Мал-дәулеті бар адамдар да құдайы асты қарапайым деңгейде бергені жөн. Алайда марқұмның атынан басқа да сауапты амалдар жасауды қаласа, жетім-жесірлерге, кедей-кепшіктерге қайыр-садақа беріп, мешіт, медресе, мектеп, бала-бақша, халық жүретін жол, көпір салып, ағаш егіп, басқа да ізгі істер арқылы өз ниетін іске асыруына болады.

- Құдайы асқа арнап мал сою міндет емес. Өйткені құдайы аста жиналған адамдарды тойдыру шарифат талабына да, мақсатына да жатпайды. Ең бастысы, ас берушілердің және оған қатысушылардың ниеті таза болуы тиіс.

- Құдайы аста кәде (сыйлық, тәбәрік, жыртыс және т.б.) таратуды шарифат талап етпейді. Оған жұмсалған қаржыға шын мұқтаждардың қажетін өтеу – әлде-қайда сауапты.

## **5. Құдайы аста уағыз-насихат айту**

- Көпшілік жиналған құдайы астарда Алланы еске алудың, шынайы сенім мен имандылықтың маңызы жайлы, сауапты істер туралы имамның қысқаша уағыз айтқаны жөн.

- Мұнда уағыздың ұзақтығы емес, оның түсінікті, жүйелі және пайдалы болуы маңызды.

- Уағыз-насихат барысында Құран аяттарынан, Пайғамбарымыздың (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) хадистерінен, сонымен бірге халқымыздың даналары мен ғұламаларының, би-шешендерінің ғибратты өмірлерінен, өсиетті сөздерінен де үзінділер келтіру әдетке айналуы тиіс.

- Насихат айту барысында жиналған жұрттың уақытын алмау мәселесіне де ерекше назар аударған жөн.

- Асқа жиналған адамдар тойға емес, құдайы асқа келгенін терең сезініп, өзін-өзі соған орай барынша мәдениетті ұстағаны дұрыс.

- Қайғылы жағдай орын алып отырған шаңырақта, оған арналған аста әртүрлі пайдасыз, бос әңгімелер айтып, орынсыз күліп отыру – әдепке қайшы. Ол қаралы әулеттің қайырымды ісіне зиян келтіреді.

- Құдайы аста мейлінше жақсы сөз айту, тілектес болып әдеп сақтап отыру.

## **6. Марқұмды еске алу және қаралы отбасын жұбату**

- Құдайы асқа жиналған қауым қаралы шаңырақтың қайғысын қозғауға емес, қиын сәтте қайратын қолдауға келеді.

- Біреудің құдайы асын жиналыс сипатына айналдыру мәдениеттілікке жатпайды. Асқа келген көпшіліктің арасынан нағашылары, құда-жегжаты, ағайыны сынды жақындары ниет білдіріп, көңіл айтып, марқұмның жақсылықтарын сөз етіп, артында қалғандардың көңілін жұбату мақсатында ғибратты әңгіме айтқаны жөн.

- Жұрттың көзіне көріну үшін құдайы аста көп сөйлеу жөнсіз.

- Шариғатта марқұмды жақсы жағынан еске алуға рұқсат етілген. Марқұмды жақсы танитын, онымен сырлас, сыйлас болған кісі оның көпшілік біле бермейтін жақсы мінез-құлықтары мен қасиеттері туралы қысқаша естелік айтуына болады.

- Сөз берілмесе, үндемей, іштей тілектестік білдіріп отыру мәдениеттілікке жатады.

## **7. Құдайы аста қарапайымдылықты сақтау**

- Құдайасдастарханында қарапайымдылық таныту – әдептіліктің белгісі әрі мәдениеттіліктің көрінісі.

- Құдайы ас дастарханында дәулетті кісілер жоғары, жағдайы төмендер төменде отыруы тиіс деген теріс түсініктен аулақ болу қажет.



- Дастарханға мейлінше тұрмысы төмен, әлеуметтік аз қамтылған жандарды көбірек қатыстырған абзал. Оның сауабы молырақ болады.

- Қасиетті Құранда: «Олардың (ізгі жандардың) мал-мүлік дүниелерінде, көмек сұраушының да (жоқшылыққа сабыр етіп, алақан жаюды ар көретін) пақырдың да тиесілі ақысы (сыбағасы) бар» деп баяндалған («Зәрият» сүресі, 19-аят). Құдайы ас бергенде осы ережені назарда ұстау қажет.

- Құдайы астың дастархан мәзірінде барынша қарапайымдылық сақталғаны жөн.

- Құдайы ас дастарханында дәулетіне не мансабына қарай емес, асқа келген кісіге қарапайымдылықпен бірдей мәміле жасап, көңіл бөлінуі тиіс.

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

Құжаттағы ережелер Қазақстан Республикасы бойынша барлық мұсылман қауым үшін әзірленді. Бұл құжаттың мақсаты мұсылман қауымының өзіндік құдайы ас беру мәдениетін қалыптастырып, оған қатысты жоралғыларды, қалыптасқан дәстүрді жүйелендіру болып табылады.



**ДУХОВНОЕ УПРАВЛЕНИЕ МУСУЛЬМАН  
КАЗАХСТАНА**



**КУЛЬТУРА ПОМИНАЛЬНЫХ  
МЕРОПРИЯТИЙ**

**Нур-Султан**

**2020**



## **Определение значения «Құдайы ас» (Поминальный обед)**

В целях вознесения вознаграждения душам усопших проводятся поминальные обеды, которые называются «Құдайы ас». Как следует из названия «Құдайы ас» (ради довольства Всевышнего), они проводятся для вознаграждения умершего милостью и прощением Всевышнего.

Кроме того, в традиции казахского народа существуют следующие наименования Поминального обеда «Құдайы ас» применительно к регионам, в частности: садақа, жабдық, береке жинау, хатым өткізу и т. д.

### **Цель**

Формирование и систематизация культуры проведения поминальных мероприятий «Құдайы ас беру» во всех регионах Казахстана в рамках предписаний шариата и без отягощения социального положения семей и недопущения расточительства.

Проведение поминальных мероприятий «Құдайы ас беру» является национальной культурной традицией наших предков, передающихся из поколения в поколение. Имеется необходимость структурирования некоторых обрядов для должной передачи данного наследия потомкам.

## Актуальность

У каждого народа есть свои национальные традиции и ментальные особенности. Национальные традиции казахского народа, передаваемые из поколения в поколение, особенно религиозно-познавательные, имеют широкое распространение. Как говорится, «есть традиции прогрессивные и архаичные», поэтому для потомков правильная ориентация представляется важным осуществлением канонической и научной интерпретации нашего религиозного и традиционного наследия, так как это веление времени. Вызывает беспокойство распространение в нашем обществе противоречивых представлений и догматических домыслов, не соответствующих шариату и традициям, от которых больше вреда, чем пользы.

При проведении погребальных обрядов: заворачивание в саван, проведение джаназа – намаза, захоронение усопшего, поминальные мероприятия «Құдайы асберу»: «семь дней», «сорок дней» и годовщина со дня смерти и т.п. нередко выполняются действия, которые не требуют наша религия и традиции. К примеру, в скорбящем доме, потерявшем родственника, считают, что «проведение поминальной трапезы – долг» и накрывают богатый стол, допуская при этом чрезмерные излишества. Это безусловно может доставить трудности многим семьям со средним

достатком. Поэтому сегодня вопрос организации и проведения поминальных мероприятий требует регулирования по канонам шариата и традициям.

В то время, когда некоторые семьи с достатком проводят поминальные мероприятия «Құдайы ас беру» с приношением в жертву крупного животного и накрывают богатый стол, безусловно малоимущие семьи или семьи со средним достатком не захотят отставать. Поэтому есть и те, кому приходится брать у людей в долг и проводить затратные поминальные мероприятия. На самом деле, согласно шариату, принято не выходить за рамки общепринятых норм: «Облегчайте и не усложняйте, радуйте и не отталкивайте!».

Если сейчас не урегулировать эти обычаи и ритуалы, то вероятно с годами указанные трудности только усилятся.

В этой связи, принятие данного специального документа Духовным управлением мусульман Казахстана является особо актуальным.

## Историческое значение

Согласно традиционным устоям казахского народа совершаются такие религиозные ритуалы, как омовение тела усопшего, вынесение из дома захоронение, прощание, выражение соболезнования, проведение поминальной трапезы.

На протяжении многих столетий проведение поминальных мероприятий, а именно «Құдайы ас беру», имеет свои особенности и значение. В понимании народа проведение поминального «Құдайы ас беру», чтение дуа и Корана за упокой души усопшего, приносит пользу умершему в загробном мире. Отсутствие проведения поминальных мероприятий считается неуважением к своим предкам и традициям. Поэтому, именно эти нюансы в проведении поминальной трапезы, являются актуальной проблемой, требующей четкого регулирования.

Потому что, со временем среди народа укрепились такие понятия, что игнорирование поминальных обязательств, как «Құдайы ас беру», лишает этих людей чести и достоинства. Поэтому, при организации поминального мероприятия часто уделяется особое внимание пришедшим гостям (выбор ресторанов, богатое меню для пришедших гостей и т.д.), нежели благоденствию душ усопших. Поэтому, пришло время сознательно отказаться от этих предрассудков. На самом деле лучше обращать внимание на то, что принесет пользу как и усопшим, так и живым.



## **Значение проведения поминальной трапезы «Құдайы ас беру»**

Основное значение поминальной трапезы («Құдайы ас») – это приглашение людей для прочтения Корана за упокой души умершего, прошение Всевышнего о прощении грехов и ошибок, заступничества нашего Пророка за душу умершего.

### **Поминальная трапеза в народной традиции**

В традиции казахского народа имеются несколько видов проведения поминальных мероприятий «Құдайы ас беру». Например, поминуют усопшего на «третий день», «седьмой день», «сороковой день», «сотый день» и в «годовщину» со дня его смерти. Человеку, пришедшему выразить соболезнование родным умершего, накрывают стол - данная традиция олицетворяет присущее казахскому народу гостеприимство и доброжелательность. Помимо поминальных мероприятий, проводимых для умерших близких, есть еще другие виды «Құдайы ас беру». По желанию, люди могут проводить «Құдайы ас беру» в честь своих предков или умерших родителей на пятый год, десятый год, а также в ознаменование 100-летия со дня рождения покойного. Особенно, в общественной жизни казахского народа широко распространена традиция проведения «Құдайы ас беру» казахским ханам, батырам, поэтам, биям и другим выдающимся личностям.

Согласно предписаниям шариата, очень большую значимость имеет прочтение дуа с добрыми пожеланиями усопшему. Поэтому, родные читают Коран, делают дуа, проводят поминальные обеды с намерением вознаграждения усопшим.

### **Поминальные мероприятия по канонам ислама**

В книге «Жаназа және жерлеу рәсімдері» («Джаназа и обряды похорон»), изданной Духовным управлением мусульман Казахстана, говорится: «Согласно предписаниям шариата, раздача поминальной пищи от имени умершего не относится к обязательным действиям». То есть, если этого не совершать, то никто не будет считаться грешником. Однако, в целом, некоторые аяты Корана и хадисы указывают на то, что в раздаче пищи есть благо и в этом нет ничего плохого. В нашей религии нет такого предписания, чтобы для раздачи поминальной пищи от имени умершего в обязательном порядке резали крупный рогатый скот, готовили богатый стол, занимая для этого деньги или растрачивая все свои средства. При организации поминальных трапез, обедов необходимо не допускать расточительства и излишеств» [«Жаназа және жерлеу рәсімдері» – Астана, 2017. – 148 стр].

Народные традиции складываются из

отношений между людьми. Поэтому, если правила и порядки, установленные людьми, со временем будут структурироваться и систематизироваться и не противоречить канонам ислама, то никто не будет наказан и не будет считаться грешником.

Однако, нельзя исказить религиозные предписания и порядки. Поэтому, при проведении совещаний мусульман по вопросам общественных дел необходимо всегда руководствоваться данным положением.

Нужно не подрывать вечные исламские ценности при проведении общественных поминальных мероприятий. В этом документе «фард, ваджиб, халал-харам», указанные в шариате, другие строгие требования и правила религии не подвергались никаким изменениям.

### **Новое видоизменение обычаев и ритуалов**

В исламском праве есть важный принцип, сохраняющий правовой динамизм: «Канонические решения могут меняться с течением времени». Это фундаментальная традиция, основанная на сути Священного Корана и Сунны Пророка. Поэтому изменение некоторых обычаев и традиций в соответствии с современными требованиями – явление закономерное.

Сегодня во всем мире общественно-

информационное пространство обрело новый характер и формат. За считанные годы молниеносное развитие информационных технологий уже не приемлет первозданное восприятие старых традиций и моделей поведения. Те общества, которые, следуя историческим путям, ограничивали себя в принятии нового, испытывают сложности и препятствия по сей день. Точно также возникает острая необходимость рассмотрения и переосмысления культуры проведения поминальных мероприятий «Құдайы ас беру» в соответствии с требованиями новых реалий. Здесь важно перейти на новый уровень проведения поминальных мероприятий, сохраняя истинную сущность и значение «Құдайы ас». Формирование свода систематизированных правил культуры проведения поминальных мероприятий и его поддержка общественностью с установлением точного времени сбора народа, согласованное создание единого меню, т.е разработка единых правил, формирующих культуру поминальных мероприятий, что будет означать, мы движемся вперед согласно требованиям нового времени.

# КУЛЬТУРА СЕМИ ОСНОВНЫХ ОПОР ПОМИНАЛЬНОГО МЕРОПРИЯТИЯ «ҚҰДАЙЫ АС»

## 1. Истинное намерение

- Перед началом любого дела в нашей религии важное значение придается искренности и намерению.
- Намерение мусульманина выше и лучше его дел.
- Согласно шариату вознаграждение за благие дела измеряются намерением в сердце.
- На каждое дело необходима истинная искренность. Притворство не допускается в благом деле.
- Единственное намерение при проведении поминального мероприятия от имени умершего должно сводиться к тому, чтобы получить довольство только Всевышнего. Другие цели и намерения уменьшают блага и вознаграждение этого мероприятия. Поэтому семья при организации поминального «Құдайы ас беру» должна сохранять данное намерение.
- Главной целью чтения Корана, совершения дуа, раздачи милостыни является вознесение

вознаграждения усопшему, а не размышления о том, как будет воспринят гостями уровень проведения мероприятий.

## **2. Сбор по случаю поминок**

- Поминальный «Құдайы ас беру» по умершему проводится от имени детей, супруги, а также близких родственников.

- Желательно, чтобы при проведении поминальной трапезы, чтении Корана и дуа за умершего присутствовали все его близкие и родные.

- Также на поминальный «Құдайы ас беру» приглашаются пожилые люди, близкие родственники, друзья и соседи.

- Из трех непрерывных благих дел, доходящих до умершего, особенным является мольба за него оставшихся детей. Поэтому в поминальных мероприятиях желательно, чтобы его потомки тоже совершали дуа.

- Когда наступает трагическая ситуация, родственники должны быстро сплотиться и оказать необходимую поддержку и помощь друг другу.

- Если у семьи, постигшей горе, материальное положение невысокое, то родственники должны оказать финансовую помощь для приобретения необходимого.

- В исламе за благие дела, совершенные большинством, больше вознаграждений, чем это было бы сделано одним человеком.

- Необходимо также уделить внимание одежде, в которой приходят на поминальное мероприятие (женщинам по возможности одеться в соответствии с шариатом).

- В случае чрезвычайных ситуаций в стране необходимо отложить проведение поминальных мероприятий или проводить в узком кругу своей семьи. Зараженный человек не должен посещать поминальные мероприятия.

### **3. Чтение Корана, произнесение дуа и благословения**

- Основная цель поминальной трапезы – это чтение Корана усопшему.

- Для чтения Корана во время проведения поминального мероприятия необходимо пригласить имама местной мечети. Если среди родственников и близких умерших есть те, кто сможет прочесть Коран с учетом правил рецитации, то им также разрешается чтение Корана.

- Аяты Священного Корана равны по степени святости. Поэтому можно читать любые суры и аяты Корана.

- В целях экономии времени собравшихся людей на поминальный обед людей, не стоит затягивать чтение Корана, в целом желательно прочитать средние суры и аяты (5-7 минут).

- При чтении сур Корана в заключении дуа назвать имя умершего с именем его отца.

- При произнесении дуа желательно посвящать воздаяния от прочтенных аятов Корана пророкам, святым предкам казахских степей, батырам, а также усопшим предкам присутствующих.

- По шариату приветствуется, если все присутствующие единомысленно во время чтения Корана и произнесения дуа молятся за усопшего.

- Во время поминального обеда, перед прочтением Корана предоставление слов благословений старшему аксакалу является проявлением доброй казахской культуры.

#### **4. Недопущение излишеств**

- Время – это самое ценное благо дарованное Аллахом. Поэтому, неуместно начинать поминальную трапезу в неподходящее время, долго затягивать, отнимать время присутствующих, тем более за столом затрагивать бесполезные темы и разговоры. То есть считаться со временем – это также проявление культуры.

- Необходимо приходить вовремя на



поминальную трапезу. Приходить вовремя без опозданий – это требование современного общества. Опоздание вызывает беспокойство у хозяина дома. Опаздывающие задерживают других людей.

- Если приглашение на «Құдайы ас беру» считается благом, то и приходить без опозданий тоже является благом. В случае опоздания нужно заранее предупредить об этом хозяина дома, и это считается проявлением уважения к окружающим.

- Одним из требований поминального обеда является своевременное начало трапезы и своевременное завершение. Для этого можно подготовить программу проведения поминальной трапезы, в условиях занятости людей этого требует нынешнее время. К примеру, начало трапезы в 13:00, чтение Корана, разъяснение старшими аксакалами сути проводимого поминального обряда, выражение присутствующими соболезнований семье умершего, слова утешения, проповедь имама, благодарность членов семьи присутствующим за оказанную поддержку, слова благословения и мольбы, завершение мероприятия. Говоря по сути, необходимо не затягивать поминальное мероприятие по возможности, так как стоит учитывать работу, занятость, службу и другие важные дела большинства присутствующих людей.

- Важно, чтобы время проведения поминальной трапезы не совпадало со временем пятничной молитвы.

- В меню поминальной трапезы необходимо строго придерживаться скромности, без допущения чрезмерности и излишеств. Допущение излишества может быть материально не под силу некоторым семьям. В Священном Коране говорится: «...Ешьте и пейте, но не расточительствуйте, ибо Он не любит расточительных» (сура «Преграды», 31 аят).

- Большинство предписаний в шариате были установлены с учетом среднего уровня материального положения людей. Например, размер фитр садака во время Священного месяца Рамадан, хоть и является обязательной милостыней каждого мусульманина, определен так, чтобы большинству людей это было под силу. Поэтому, нормы шариата взвешиваются не материальным количеством, а чистотой помыслов и намерений.

- Состоятельные семьи также должны проводить поминальные мероприятия «Кұдайы ас беру» скромно. Если они намереваются совершать другие благие дела в честь умершего близкого, они могут помочь нуждающимся, малоимущим семьям, вдовам и сиротам, построить мечеть, медресе, школу, детские сады, дорогу, мосты, посадить деревья и многое другое, главное делать все это с чистым намерением.

- Не обязательно специально резать скот для поминальной трапезы. На поминках угощение не является целью и требованием шариата. Самое главное, чтобы у организующей стороны и у присутствующих было благое намерение.

- Шариат не обязует раздачу пришедшим людям преподношений (табарик, платки, материалы и др.). Наиболее благим поступком будет покупка на эти финансы всего того, что действительно необходимо нуждающимся людям.

## **5. Наставления и проповеди во время поминальной трапезы**

- Во время поминальных мероприятий с участием большого количества людей желательно провести проповеди о важности поминания Всевышнего, о значимости истинной веры и богобоязненности, а также о необходимости благих поступков, желательных для исполнения.

- Важна не длительность проповеди, а его суть и смысл, чтобы было всем понятно и полезно.

- В ходе чтения проповеди необходимо уделять внимание, чтобы в речи присутствовали аяты Корана, хадисы нашего Пророка (да благословит его Аллах и приветствует), поучительные истории из жизни святых и ученых, биев нашего народа.

- Во время проповеди важно также долго не занимать время присутствующих.

- Пришедшие на поминальную трапезу люди должны глубоко осознавать, куда они пришли, и вести себя культурно.

- Вести никчемные и пустые разговоры в доме людей, которых постигло горе, противоречит общепринятым нормам этики. Это может нанести вред благим намерениям хозяев.

- Во время поминальной трапезы желательно говорить о хорошем, необходимо искренне сопереживать родным и быть в мольбе за них.

## **6. Поминание умершего и утешение его семьи**

- Большинство собираются в доме умершего не для напоминания о случившемся горе, а наоборот, чтобы оказать поддержку и утешение в этот трудный момент.

- Превращать поминальное мероприятие в стол обсуждений является проявлением бескультурья. Желательно говорить о благих делах усопшего, оказывать моральную поддержку и утешение, делаясь поучительными рассказами совместно с другими родственниками хозяев.

- Не следует много разговаривать, только лишь для того, чтобы обратить на себя внимание.

- Разрешается по шариату упоминать умершего только с хорошей стороны. Хорошо знающим его людям можно рассказать о благих качествах, нравах умершего, о которых возможно большинство не знает.

- Если не предоставлено слово, проявите воспитанность, мысленно будьте в молитве со всеми.

## **7. Проявление скромности во время поминальной трапезы**

- Скромное поведение за поминальным столом является проявлением воспитанности и внутренней культуры.

- Необходимо отбросить предубеждения о том, что за поминальным столом должна соблюдаться иерархия присутствующих.

- Необходимо пригласить за поминальный дастархан больше людей со скромным достатком, социально обездоленных людей. В этом есть больше блага.

- В Священном Коране говорится: «Они выделяли известную долю своего имущества для просящих и обездоленных» (Сура «Рассеивающие», 19-аят). Во время поминальных трапез необходимо помнить об этом.

- На поминальном мероприятии меню должно быть максимально простым.

- Во время поминальной трапезы нельзя делить гостей по их статусу или благосостоянию. Необходимо проявлять одинаковое внимание и уважение ко всем пришедшим.

## **ЗАКЛЮЧЕНИЕ**

Свод правил, представленных в данном документе, был подготовлен для всей мусульманской уммы Республики Казахстан. Основной целью данного документа является формирование культуры проведения поминальных мероприятий, а также систематизация укоренившихся обрядов.